

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның жылжымалы мүлік кепілінің статистикалық және өзге де есептік ақпаратын ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 47 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 ақпанда № 13043 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұйрық 01.03.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 4) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның жылжымалы мүлік кепілінің статистикалық және басқа есептік ақпаратын ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаментіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялады;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануы тиіс және 2016 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Әділет министрі*

*Б. Имашев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

2016 жылғы 28 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің

төраға міндетін атқарушысы

\_\_\_\_\_ Б. Иманалиев

2016 жылғы 28 қаңтар

Қазақстан Республикасы  
Әділет Министрінің  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 47 бұйрығымен бекітілді

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның жылжымалы мүлік кепілінің статистикалық және өзге де есептік ақпаратын ұсыну ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2019 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1-Тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жылжымалы мүлік кепілінің статистикалық және басқа есептік ақпаратын ұсынудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жылжымалы мүлік кепілінің статистикалық және өзге де есептік Мемлекеттік корпорациямен ұсынуы тәртібін айтқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:

- 1) есептік кезең – Мемлекеттік корпорацияның жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі қызметінің көрсеткіштері статистикалық есептілік нысанында көрсетілетін, уәкілетті орган белгілеген күнтізбелік (уақытша) мерзім;
- 2) ЖМКТМДҚ – Жылжымалы мүлік кепілі тіркелімінің мемлекеттік деректер қоры;
- 3) есептілік – Мемлекеттік корпорацияға ұсынылатын жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу үшін филиалдар қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтері;
- 4) есептіліктің нысаны - Мемлекеттік корпорация филиалдарының мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге байланысты қызметі туралы есептіліктің нысаны.

**2-Тарау. Статистикалық және өзге де есептілікті ұсыну тәртібі**

## ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Есептілік көрсеткіштері бастапқы есеп көздерінен (Тіркеуге түскен құжаттар есебінің кітабы, Жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі, Кіріс-шығыс хаттар-хабары есебінің журналы, номенклатуралық істер, www.e.gov.kz "электрондық үкімет": веб-порталы, ЖМКТМДҚ) алынған тиісті сандық деректерді іріктеп, есептілік нысанының бағандары бойынша көрсету арқылы қалыптастырылады.

4. Деректер ағымдағы жылдың есептік тоқсанына бөлініп көрсетіледі.

5. Есептілік осы Қағидалардың "Мемлекеттік корпорацияның міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер" 1-қосымшаларына және "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден заңсыз бас тарту туралы шығарылған сот шешімдерінің саны туралы мәліметтер" 2-қосымшаларына сәйкес статистикалық есептілік нысандарын толтыру арқылы ұсынылады.

6. Есептілік Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалаларың және астананың филиалдары Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

7. Есептілік тоқсан сайын өсу қорытындысымен есептілік кезеңінен кейінгі айдың 10-на қарай ұсынылады.

8. Есептілікке Мемлекеттік корпорация филиалының орындаушысы және басшысы қол қояды.

"Азаматтарға арналған үкімет"  
мемлекеттік корпорацияның  
міндетті мемлекеттік тіркеуге  
жатпайтын жылжымалы мүлік  
кепілінің статистикалық және  
басқа есептік ақпаратын ұсыну  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік корпорацияның міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер**

20\_\_ жылғы \_\_ тоқсандағы есептік кезең

Индекс: 1. ЖМКТ

Мерзімділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар шеңбері: Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалаларың және астананың филиалдары

Қайда ұсынылады: Мемлекеттік корпорация

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күніне.

Жалғасы

		Көрсетілген қызметтер саны									
№	Мемлекеттік корпорацияның филиалының атауы	Есептік кезең	Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге өтініш беру	Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы түскен өтініштер саны				Тіркелген жылжымалы мүлік кепілі шартының саны		Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы бас тартылған өтініштер саны	
				Жеке тұлғалар	Сомасы	Заңды тұлғалар	Алым сомасы	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар
			қағазда й								
			Порал арқылы								
1	2	3	4	5				6		7	
		Есептік кезең									
		Ұқсас кезең									

**кестенің жалғасы**

Көрсетілген қызметтер саны											
Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу мерзімдері		Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді тоқтату туралы түскен өтініштер саны				Тоқтатылған жылжымалы мүлік кепілі шартының саны		Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы берілген куәлік берілген куәлік		Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы берілген куәлік дубликаттарының саны	
2 күннен артық	1 күннен артық электронды	Жеке тұлғалар	Сомасы	Заңды тұлғалар	Алым сомасы	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
8		9				10		11		12	

**кестенің жалғасы**

Көрсетілген қызметтер саны												
Жылжымалы мүлік кепілі тізілімінен көшірме саны		Тіркеу құжаттарындағы қателерді түзету туралы түскен өтініштер саны			Өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы түскен өтініштер саны				Өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы бас тартылған өтініштер саны		Өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы тіркелген өтініштер саны	
Саны	Саны	Сомасы	Жеке тұлғалар	Сомасы	Заңды тұлғалар	Алым сомасы	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар
13	14	15				16		17				

Филиалдың атауы \_\_\_\_\_

Мекенжай \_\_\_\_\_

Электронды поштаның мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушының тегі және телефоны \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. қолы)

Күні " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ жыл М.О.

"Мемлекеттік корпорацияның міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер" нысанын толтыру туралы түсініктеме осы қосымшасында келтірген

"Мемлекеттік корпорацияның  
міндетті мемлекеттік тіркеуге  
жатпайтын жылжымалы мүлік  
кепілін тіркеу жөніндегі  
қызметінің негізгі көрсеткіштері  
туралы мәліметтер" нысанға  
қосымша

**"Мемлекеттік корпорацияның міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер" нысанды толтыру жөніндегі түсінік**

Нысан былайша толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы Мемлекеттік корпорациясының филиалының атауы көрсетіледі;

3-бағанда есепті кезең көрсетіледі;

4-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге өтініш берудің нысаны: қағаздай немесе порталы арқылы екендігі көрсетіледі;

5-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге түскен өтініштер саны көрсетіліп, ол 4 бөлімнен тұрады;

1) жеке тұлғалар

2) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін бюджетке төленген алым сомасы

3) заңды тұлғалар

4) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін бюджетке төленген алым сомасы

6-бағанда міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын тіркелген жылжымалы мүлік кепілі шарттарының саны көрсетіледі, ол 2 бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) заңды тұлғалар

7-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден бас тартылған өтініштердің саны көрсетіледі, ол да 2 бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) заңды тұлғалар

8-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеудің мерзімдері көрсетіледі, ол да 2 бөлімнен тұрады:

1) қағаздық 2 күннен жоғары

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) электрондық 1 күннен жоғары, кепіл ұстаушының ақпараттық жүйесі мен электрондық үкіметтің порталына түскеннен кейін

9-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді тоқтату туралы түскен өтініштер саны көрсетіледі, ол 4 бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді тоқтатқаны үшін бюджетке төленген алым сомасы

3) заңды тұлғалар

4) жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді тоқтатқаны үшін бюджетке төленген алым сомасы

10-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі тоқтатылған шарттардың саны көрсетіледі, ол 2 - бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) заңды тұлғалар

11-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы берілген куәліктердің саны көрсетіледі және ол 2 - бөлімнен тұрады:

1) саны

2) сомасы

12-бағанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктердің берілген телнұсқаларының (дубликаттарының) саны көрсетіліп, 2 бөлімнен тұрады:

1) саны

2) сомасы

13-бағанда жылжымалы мүлік кепілі тізілімінен көшірмелердің саны көрсетіледі;

14-бағанда тіркеу құжаттарындағы қателерді түзету туралы түскен өтініштердің саны көрсетіледі және ол 4 - бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) алым сомасы

3) заңды тұлғалар

4) алым сомасы

15-бағанда өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы түскен өтініштер саны көрсетіледі және ол да 4 - бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) тіркелген кепілге өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін бюджетке төленген алым сомасы

3) заңды тұлғалар

4) тіркелген кепілге өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін бюджетке төленген алым сомасы

16-бағанда өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бас тартылған өтініштер саны көрсетіледі және ол 2 - бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) заңды тұлғалар

17-бағанда өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы тіркелген өтініштер саны көрсетіледі және ол да 2 - бөлімнен тұрады:

1) жеке тұлғалар

2) заңды тұлғалар

"Азаматтарға арналған үкімет"  
мемлекеттік корпорацияның  
жылжымалы мүлік кепілінің  
статистикалық және өзге де  
басқа есептік ақпаратын ұсыну  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысаны

### **Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден заңсыз бас тарту туралы шығарылған сот шешімдерінің саны туралы мәліметтер**

20\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсандағы есептік кезең

Индекс: 2.ЖМКТ

Мерзімділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалар шеңбері: Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары

Қайда ұсынылады: Мемлекеттік корпорация

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күніне.

№	Мемлекеттік корпорацияның филиалының атауы	Кепілді немесе оның тіркелуін жарамсыз деп тану туралы шығарылған сот шешімдерінің саны		
		Тіркеуші органның кінәсінен	Басқа негіздер бойынша	Олардан заңды күшіне енгендері
1	2	3	4	5

Филиалдың атауы \_\_\_\_\_

Мекенжай \_\_\_\_\_

Электронды поштаның мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушының тегі және телефоны \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. қолы)

Күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл М.О.

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден заңсыз бас тарту туралы шығарылған сот шешімдерінің саны туралы мәліметтер" нысанын толтыру туралы түсініктеме осы қосымшасында келтірген

"Жылжымалы мүлік кепілін  
тіркеуден заңсыз бас тарту  
туралы шығарылған сот  
шешімдерінің саны туралы  
мәліметтер" нысанға  
қосымша

**"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден заңсыз бас тарту туралы шығарылған сот шешімдерінің саны туралы мәліметтер" нысанды толтыру жөніндегі түсінік**

Нысан былайша толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалаларың және астананың филиалдарының атауы көрсетіледі;

3-бағанда тіркеуші органның кінәсінен жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден бас тарту туралы шығарылған сот шешімдерінің саны көрсетіледі;

4-бағанда басқа негіздер бойынша шығарылған сот шешімдерінің саны көрсетіледі;

5-бағанда заңды күшіне енген сот шешімдерінің саны көрсетіледі.